

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ
ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы
ӨЗІН - ӨЗІ БАҒАЛАУДАН ӨТУ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мазмұны

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
2. Мамандар құрамын талдау
3. Тәрбиеленушілер контингенті
4. Оқу - әдістемелік жұмыс
5. Оқу - материалдық активтер
6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор
7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау
8. Білім беру процесі бойынша сауалнамаға қатысушылар ата- аналар, педагогтер т.б
9. Кемшіліктер мен ескертулер және оларды шешу жолдары
- 10.Қорытындылар мен ұсыныстар
- 11.Қосымша - 1
- 12.Қосымша - 2
- 13.Қосымша - 3
- 14.Қосымша - 4
- 15.Қосымша – 5

Алматы қаласы, Наурызбай ауданы

ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы

Бұйрық №17

ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасының мемлекеттік аттестаттаудан өткізу үшін өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу туралы»

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанда №486 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде **БҰЙЫРАМЫН**

1. ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасының 2024 жылдың тамыз айының 08-12 аралығында өзін-өзі бағалау өткізілсін

2. ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін төмендегі көрсетілген аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін.


Аттестаттау комиссиясының төрайымы: САЛИХАРОВА З. Х. меңгеруші

3.Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс жоспары бекітілсін.

4.Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасының меңгерушісі:



САЛИХАРОВА З. Х.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының атауы: ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы

Заңды мекен жайы- Алматы қаласы. Наурызбай ауданы, мкр. Шугыла, ул. А.Сығай, 71

Телефоны: 7 707 839 7376

Web- сайт- : <https://too-limpopo.kz>

Балабақша басшысы- Салихарова Зухра Харбиевна

Жоба қуаттылығы (орын)-44 орын. Қазіргі таңда 44 баламен қамтылған.

Оқыту тілі – қазақша

Білім мекемесінің аттестатциядан өткен жылы- өтпеген

Топтар саны- 4 топ

Балабақшаның жұмыс уақыты күнделікті : 10,5 сағатты құрайды. Сағат 8:00-18:30 - ға дейін.

Жұмыс күндері: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма.

Демалыс күндері: сенбі жексенбі

ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы негізгі қызметтері

- ❖ Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау;
- ❖ Балалардың өмірін қорғау, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын негіздерін қалыптастыру;
- ❖ Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу;
- ❖ Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құру;
- ❖ Балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру;
- ❖ Тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;
- ❖ Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру;
- ❖ Ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсет

Мектепке дейінгі ұйымның ішкі тәртібін реттеуші құжаттары

- Заңды тұлғаны қайта мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, **БСН 180540012879, 21 қыркүйек 2020 г.**
- Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметіннің басталуы туралы анықтама **KZ32RVK00018050 : 12.08.2019 жыл**
- Алматы қаласы. Наурызбай ауданы, **мкр. Шугыла, ул. А.Сығай, 71 "ЛИМПОПО" балабақшасы** жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің **БСН 180840018899, СЭС корытындысы: № А.08.X.KZ96VWF00040140**
Дата: 28.04.2021 ж.

2. Мамандар құрамын талдау

Педагогтердің кәсіби, іскерлік, шеберліктерін шыңдауда мектепке дейінгі білім беру ұйымының жылдық жоспарыбойынша тренингтер, семинар, кеңестер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік бас қосулар өткізіледі. Қалалық білім беружүйесі мамандарының біліктілігін арттыру институтында жоспарланған кестесіне сай курстық дайындықтардан өтеді. Бүгінгі педагог-кәсіби ізденуші, зерттеуші, шығармашыл, әдістемелік теориялық ойлау қабілеті жоғары, ерекше ынта-ықылас, серпінмен, қызығушылықпен, ұжыммен бірлескен әрекеттер құра алатын мамандар. Сонымен қатар, өз білімін көтеру бағыты бойынша белсенді түрде жұмыс жүргізіледі. Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс-тәжірибесін арттыруға жағдай жасалынған.

Төменде педагогикалық ұжымның сапалық құрамындағы өзгерістер көрсеткішін келтіріп отырмыз. Мектепке дейінгі ұйымда штаттық кестеге байланысты барлық қызметкерлер саны **12**, оның ішінде педагогтар саны - **6**. Педагогикалық мамандардың білім беру сипаттамасындағы өзгерістер

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары		Арнаулы орта	
		Мектепке дейінгі	Педагогикалық	Мектепке дейінгі	Педагогикалық
2021-2022	6	2	2	1	1
2022-2023	7	2	3	2	0
2023-2024	9	3	3	0	3

Педагогикалық ұжымның жас құрамына қарай талдауы

20-30 жасқа дейін	30-40 жасқа дейін	40-50 жасқа дейін	50-60 жасқа дейін
3	2	1	3

Біліктілік санаты бойынша педагогтер құрамы

Оқу жылы	Жоғары санаты	Бірінші Санаты	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Санат-сыз
2021-2022	0	0	0	0	6
2022-2023	0	0	0	0	6
2023-2024	0	0	0	0	6

Біліктілікті арттыру курстарынан өтуі туралы мәлімет

Оқу жылы	Жалпы педагог саны	Оның ішінде курстан өткендер	
		Тәрбиешілер	Мамандар
		Саны	Саны
2021-2022	6	4	2
2022-2023	6	4	2
2023-2024	6	4	2

Балабақшада педагогтер кәсіби және шығармашылық шеберліктерін шыңдауда аудан, қала, республикалық байқауларға, семинар, конференцияларға қатысты.

Қорытынды: Педагогтердің кәсіби шеберліктерін шыңдауда, озық тәжірибелерді зерттеп, оларға әдістемелік көмек көрсетіледі. Жылдық жоспар бойынша біліктілікті арттыру курстарына жіберіліп отырад

Ұсыныс: Балабақшаға жас мамандарды көбірек тарту.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - білім беру процесі Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29301 болып тіркелді) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы) сәйкес ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелді) «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде балабақша қызметінің маңызды түрінің бірі балаларды сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету мектепке дайындау болып табылады.

Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту жас кезеңдері:

1) бөбек жасы - 2 жастағы балалар;

2) мектепке дейінгі жас - 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталды:

- ❖ Кіші топ №1 (2 жастағы балалар)
- ❖ Ортаңғы топ №2 (3 жастағы балалар)
- ❖ Ересек топ №3 (4 жастағы балалар)
- ❖ МАД топ №4 (5 жастағы балалар)

Балаларды мектепке дайындау сапасы

Білім саласында елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің басты мәселесі.

Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымын дамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеу мен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр. Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықтың негіздемесі:

- ❖ балалардың білуге деген құмарлығын дамыту;
- ❖ балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту;
- ❖ балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту;
- ❖ тілдік қарым-қатынасын дамыту (кұрбы-кұрдастармен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу).

Балалардың санасында салауатты өмір салты жайлы түсінікті қалыптастыра отырып, балабақша қызметкерлерімен ата-аналары арасында тығыз байланыс орнатылған.

Соңғы үш жылдағы балабақшаны бітіріп, мектепке қабылданған балалар саны

Жылдар	Балабақша түлектері			
	Түлектер саны	%	Үлгерімі	%
2021-2022	15	100%	Жақсы	95 %
2022-2023	11	100%	Жақсы	95 %
2023-2024	18	100%	Жақсы	95 %

2020-2023 оқу жылдары бойынша балабақша балаларды тәрбиелеу мен оқытуда көптеген жетістіктерге жетті. Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруда, мектепке даярлауда сапалы, кешенді жұмыстар жүргізілді.

Қатысу-спорттық-сауықтыру жұмысының негізгі функциялары.

Дене шынықтыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес үнемі жүргізіліп отырады. Балалардың физикалық дамуының мониторингі жүргізіледі:

Балалардың дене дамуындағы ауытқуларды болжау, қалпына келтіру шаралары іске асырылады. Балалардың санасында салауатты өмір салты жайлы түсінікті қалыптастыра отырып, балабақша қызметкерлерімен ата-аналары арасында тығыз байланыс орнатылады.

Балалардың тамақтануына үлкен көңіл бөлінеді. Күнделікті тамаққа көкөністер, сүтті, балық тағамдары, тәтті тоқаштар, ірімшік, сапалы жаңа жемістер, шырындар мен сусындар беріледі.

Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы білім аймағында мемлекеттік саясатты ұстанады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа алады.

Балабақшада балалардың денсаулығын жақсарту шаралары

Балабақшада балалар денсаулығын жақсарту үшін төмендегі әр түрлі кешенді іс-шаралар жүргізіледі:

- ❖ Йод тапшылығының алдын - алу шаралары;
- ❖ Майтабандылықтың алдын - алу шаралары;
- ❖ Сауықтыру - шынықтыру шаралары;
- ❖ Тұмаудың алдын-алу шаралары бойынша С дәрумені қосылған компот беріліп отырады.

Балалар денсаулығын жақсарту бойынша сауықтыру - шынықтыру шаралары медициналық алдын-алу кеңесінің жүйелі жұмысы бала денсаулығының күшеюіне ықпал жасайды, әсіресе жиі ауыратын балалар тобымен жүргізілген жұмыс нәтижесін айта кету керек.

Науқастану және қатысу қорытындысы.

	Оқу жылы		
	2021	2022	2023
	саны	саны	саны
Орындалған күндер	8505	8883	97
Науқастық күндер	2700	3000	23
Суық тиіп ауырған балалар	30	27	12
Жалпы науқас көрсеткіші	21	22	12
Аурудың пайыздық көрсеткіші	3	2	2

Қорытынды: Жүйелі ұйымдастырылған сауықтыру - шынықтыру шараларының нәтижесінде, балалардың ауру көрсеткіші төмендеп, балабақшаға қатысу деңгейі жоғарылады.

Ұсыныс: Балалардың денсаулығын нығайтуда үнемі салауатты өмір салтын ұстауды әрі қарай жалғастыру.

Балабақша тәрбиеленушілерінің соңғы 3 (үш) жылда қатысқан байқаулары:

-Картэ спортынан 4-6 жас аралығындағы ашық турнирінде 2-орын

-Шахмат үйірмесіне қатысып марапатталады. 2021-жыл

- Шахмат турнирі бойынша марапатталды. 2022жыл

- Шахмат турнирі бойынша бойынша марапатталды. 2023жыл

4. Оқу - әдістемелік жұмыс

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының жылдық жоспары, ұйымдастырылған іс - әрекеттері, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай жүргізіледі.

Оқу жылдары	Жылдық міндеттемелер
2021-2022	1. «Денсаулық» білім беру саласы Денсаулық сақтау құзыреттілігі барысында заман талабына сай денсаулық технологияларын қолдану арқылы қозғалу белсенділігін арттыру 2. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша Балаларға қоршаған орта туралы білім беру

2022-2023

1. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру : қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту:

2. Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

2023-2024	Міндеттері: - тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; - Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; - баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. ✓ Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау; ✓ Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; ✓ Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; ✓ Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; ✓ Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.
-----------	--

2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесі:

- ❖ перспективалық жоспар;
- ❖ циклограмма;
- ❖ бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтер келесі қағидаларды назарда ұстады:

- ойын арқылы оқыту;
 - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.
- Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу

бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту бойынша жұмыстар жүргізілді. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастырылды. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік берілді.

Әр топта кітап бұрышын ұйымдастыру жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

- ❖ толықтыруға ата-аналарды тарту
- ❖ кітапты уақытша пайдалануға үйге беру
- ❖ ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасалды.

Физикалық қасиеттерді дамыту балалармен салауатты өмір салтын ұйымдастыруда «Денсаулық әлеміне саяхат», «Көңілді старт», «Спорт - біздің досымыз», «Кел, бірге ойнайық», «Аязда да тоңбаймыз», «Зырлайды шанамыз», «Сары аязға шыңдалып, шымыр болар денеміз» атты тақырыпта Денсаулық күні, спорттық және дене шынықтыру мерекелері өтті. Педагог кадрлармен «Балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясын қолданудың жолдары», «Денсаулық сақтау технологиясының түрлері», «Сауықтыру - шынықтыру шараларын қолданудың түрлері мен әдіс - тәсілдері» тақырыпта семинар, тренингтер, «Сергіту сәттерін қолданудың бала денсаулығына ықпалы», «Балабақшадағы ойын терапиясы» кеңестер өтті

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым - қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуда «Ертегілер еліне саяхат», «Мақтақыз бен мысық», «Алдар көсе мен сиқырлы қасық», «Буратиноның басынан кешкен оқиғалары» атты тақырыпта мюзикл қойылымдар өтті. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт - дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу және айтып

беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыруда мультфильмдер, аудио, видео, электронды сөйлейтін кітаптар мен дидактикалық материалдарды қолдану арқылы балалардың белсенді сөздік қорларын байыту, тілдік нормаларды, қарым – қатынас мәдениетін меңгертуде ойын түрінде ұйымдастырылған іс - әрекеттер оң нәтижесін берді.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым – қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын дамыту, қарапайым математикалық ұғымдарды, құрастыру іс- әрекетін меңгерту, креативті сыни ойлауды дамытуда 2022 - 2023 оқу жылының міндетемесіне сай «тәрбиеленушілердің шығар-машылық дағдыларын» Осы міндеттеме бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымында тәрбиеленушілермен зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын дамытуда шығармашылық ортада «Шағын зертхана», «Сиқырлы әлем», «Біз зерттеушіміз» атты ойын түрінде эксперименттер, бақылаулар жүргізілді. Педагогтермен «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту», «Мектепке жасына дейінгі балаларға зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту»

тақырыбында семинарлар, іскерлік ойындар және «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық әрекеті арқылы қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынасы» атты кеңестер берілді.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс - әрекетін дамыту тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми - зерттеу іс - әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыруда және өзіндік шығармашылық іс - әрекеті үшін балабақшамызда заттық - кеңістікдамытушы ортада қолайлы жағдайлар жасалған. Күнделікті іс - әрекет дағдыларын меңгертуде, балалармен, педагогтермен, ата - аналармен бірлескен шығармашылық байқаулар мен көрмелер ұйымдастырылды.

Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша балалардың әлеуметтік - эмоционалдық дағдыларын дамытуда:

балалардың сезімдері мен эмоцияларын қабылдау, тану және қолдау;

- ❖ баланың және айналасындағы адамдармен сезімдерін сөзбен жеткізу;
- ❖ өзіне және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытуға қолдау көрсету;
- ❖ балалармен мәнді өзара қарым - қатынас орнату; командада жұмыс істеу;
- ❖ балалардың түрлі іс - әрекетінде топтағы қарым - қатынасты, буллингтің алдын алу шараларын жүргізу және
- ❖ бастаманы, дербестікті қолдау;

- ❖ балалармен мазмұнды диалог жүргізу;
- ❖ еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беруге тәрбиешілер мен педагог - мамандар педагогикалық- психологиялық қолдау көрсетті.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында заттық - кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыруда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану және балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік беріліп отырды. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптарды үнемі назарда, бақылауда ұстап, педагогтермен семинар, кеңестер ұйымдастырылып, әдістемелік нұсқаулықтар мен қолдаулар көрсетілді. Ең бастысы: - заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі, көркемдік -эстетикалық тартымды болуы назарда болды.

Балабақша педагогтері ұйымдастырылған іс - әрекеттерді тартымды, қызықты әрі жүйелі ұйымдастыруда төмендегі инновациялық технологияларды қолданады:

- ❖ Денсаулық сақтау технологиясы
- ❖ Арт терапиясы
- ❖ Ертегі терапиясы
- ❖ Ойын технологиясы
- ❖ М.Монтессори әдістемесінің элементтері
- ❖ Триз технологиясы
- ❖ Сын тұрғысынан ойлау технологиясы
- ❖ Жұппен жұмыс
- ❖ Команда да жұмыс істеу технологиясы

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық инновациялық технологияларды балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдаланылады.

Қорытынды: Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ойын технологиясын кеңінен қолданады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысын іске асыру процесі орындалуда.

Ұсыныс: Педагогтер шығармашылық ізденістерін, үнемі жетілдіріп отыру.

5. Оқу - материалдық активтер

Балабақша типі 2-қабатты ғимарат. 2021 жылдың 17-ақпан бастап қолданысқа берілді. Жоба қуаттылығы 85 орын. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап 2022 жылдың наурыз айына дейін 85 баламен қамтылды. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жазғы маусымда жүргізіліп тұрады. Күрделі жұмысты қажет етпейді.

Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (өзгертулер мен толықтырулар туралы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 265 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Балабақшаның қауіпсіздігі үшін сыртқы 4 - бейнебақылау, ішкі бөлмелерде 12 - бейнебақылау камералары бар. Балабақшаның материалдық- техникалық қоры жаңа заманауи талаптарға сай. Топ бөлмелері балалардың жас ерекшелігіне сай ескеріліп, жабдықталған, заттық - кеңістік дамытушы орта жаңа дизайнмен безендірілген. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қорғауда топ бөлмелерінде бейнебақылау камералары орнатылған. Заттық – кеңістік дамытушы орталар қауіпсіз, тартымды, қолайлы жиһаздармен безендірілген. Балалар үшін музыка және дене шынықтыру, медициналық кабинет, оқшаулау бөлмесі, , ашық спорт алаңы бар.

Сондай-ақ ас блогы, төсек - орын, кір жуатын бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ - 59 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» бойынша санитарлық қағидалары мен нормаларына сәйкес, балабақша ауласында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған серуен алаңдары бар.

Ас бөлмесі толық жаңа техникамен толығымен жабдықталған. Бөлме ішінде ауа алмасу құрылғысы жұмыс істейді, жеке ет, көкөніс, тағам саласына қарай тоңазытқыш, қамыр, бакалея бөлімдері арнаулы белгімен белгіленген. Тағам дайындайтын электр плиталары жүйелі түрде жұмыс істейді. Шикі тағам өнімдерін қабылдағанда оларды өлшейтін арнайы электронды таразы бар. Мұнда барлығы бірінші өлшеніп, одан ары қарай қоймаға өтеді. Шкафтар мен тоңазытқыштар жеткілікті, қоймада стеллаждар қойылған. Барлық азық-түліктерге сәйкестік куәлігі бар. Кір жуатын бөлмеде кір жуғыш автомат машинасы орналасқан. .

Қорытынды: Мектепке дейінгі ұйым жабдықтармен және жиһазбен толық қамтамасыз етілген.

Ұсыныс: Балабақшаның материалдық базасын қажеттілігіне қарай, жаңарту және толықтыру.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Ақпараттық мәдениет - бұл, ең бастысы адамның интеллектуалды белсенділігі болғандықтан, жаңа ақпаратқа үнемі қажеттілік, оны өңдеу және өз бетінше түрлі мақсатта қолдану талап етіледі.

Балабақшада меңгеруші, әдіскер, компьютерлермен қамтамасыз етілген. Балабақшада ғаламтор бар.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымында төмендегі техникалық құрал - жабдықтар және әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген:

- ❖ Ноутбук -2
- ❖ Интерактивті тақта -1
- ❖ Проектор - 1
- ❖ Принтер -2
- ❖ Телевизор -1
- ❖ Музыкалық орталық - 3

Сонымен қатар педагогикалық үрдіс заманауи жабдықтарымен және көрнекі құралдармен жабдықталған.

Педагогтарды керекті әдістемелік құралдармен, нұсқаулармен, әдебиетпен және мерзімді баспалармен (педагогикалық әдістемелік газет -журналдармен) толық қамтамасыз етілген. Мақалалардың журналдарда басылуы, балабақша педагогтарының жұмысы, тәжірибесі-ұжымдық қызметтің ашықтығының бір көрінісі балабақша педагогтері өз тәжірибелерін республикалық ғылыми - әдістемелік, педагогикалық журналдарға ұсынып, мақалалар үнемі жарияланып отырады .

Қорытынды: Балабақшаның кітапхана қорында оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттер жинақтары және газет-журналдармен қамтылған.

Ұсыныс: Заттық - кеңістік дамытушы ортаны мүмкіндігінше үнемі жаңа әдістемелік - кешендермен толықтыру.

7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларыны даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Жиынтық есеп
балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бақылау нәтижелері бойынша
ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы
2021-2022 оқу жылы

Жиынтық есеп
балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бақылау нәтижелері бойынша
ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы
2022-2023 оқу жылы

Жиынтық есеп
балалардың біліктері мен дағдылары дамуының бақылау нәтижелері бойынша
ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы
2023-2024 оқу жылы

МДҰ бойынша әдіскерінің жинағы
МДҰ атауы ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы

Өткізілген кезені қорытынды өткізілген мерзімі : **мамыр 2024 жыл**

8. Білім беру процесі бойынша сауалнамаға қатысушылар ата - аналар, педагогтер т.б

Білім беру процесі бойынша ата - аналар мен педагогтерге арналған сауалнама **Telegram** каналында жүргізіліп, нәтижелері қосымшаға тіркеледі.

9. Кемшіліктер мен ескертулер және оларды шешу жолдары

Өзіндік бағалауды жүргізу барысында мынадай ескертулер мен кемшіліктер анықталды:

- ❖ Заттық- кеңістік дамытушы ортаны толықтыру;
- ❖ Оқу-әдістемелік кешендерді толықтыру, жаңарту;
- ❖ Педагогтарды қайта даярлау курстарынан өткізу жұмыстарын жалғастыру;
- ❖ Балабақшаның материалдық базасын қажеттілігіне қарай, жаңарту және толықтыру.

10.Қортындылар мен ұсыныстар

ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасының өзін-өзі бағалау нәтижелерін қортындылау.

Мектепке дейінгі ұйым тарапынан құрылған комиссия құрамы, өзін-өзі бағалауға бақылау жүргізді. Бақылау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бағалау өлшем шарттарына сәйкес, өзін-өзі бағалау материалдарына, ұсынылатын білім беру қызметтерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сйкестігіне талдау жүргізілді. Жылдық жоспарға сәйкес, барлық іс шаралар жүйелі, уақтылы жүргізілген. Педагогтар кестеге сәйкес кезекті және кезектен тыс өз өтініштері бойынша аттестаттаудан өткен. Біліктілік шеберліктерін жетілдіруде біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Тәрбиелеу- білім беру процесінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министірінің 2022 жылғы 3- тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» талаптары орындалған

Ұйымдастырылған іс әрекеттерде жаға инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдану ойын түрінде жүргізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жұмыстары жүйелі ұйымдастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің «Әдістемелік ұсынымдарына» сәйкес келеді.

Топтардағы заттық-кеңістік дамытушы орта балалардың жас ерекшелігіне сәйкес қауіпсіздік техникасын, санитарлық-гигиеналық, эстетикалық талаптарды сақтай отырып, тәрбиеленушілердің физикалық қасиеттерін, коммуникативтік дағдыларды, танымдық және зияткерлік дағдыларды, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту және әлеуметтік-эмоцияналды дағдыларды қалыптастыруда қолайлы жағдай жасалып, жабдықталған.

Балабақшаның материалдық-техникалық базасы балалардың жан-жақты дамуына, құрал жабдықтармен жабдықталып, қамтамасыз етілген.

Аттестаттау комиссия жұмыстарының нәтижесі қортындысын талқылай келе төмендегі ұсыныстарды берді:

- ❖ ҚР Оқу-ағарту министрінің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2022 жылғы 3 тамыздағы ірінің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 ҚРҰҚ), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2022 жылғы 14- қазандағы №422 бұйрығы) білім беру процесінің жұмысын әрі қарай жалғастыру.
- ❖ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15- наурыздағы №137 қаулысын жүзеге асыруды жалғастыру.
- ❖ Педагогтерге тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыруда инновациялық технологияларды кеңінен қолдануды ұйымдастыру және педагогикалық- психологиялық қолдау көрсетуді жалғастыру.
- ❖ Жоспар бойынша біліктіліктерін жетілдіру үшін курстарға жіберу.
- ❖ Заттық-кеңістік дамытушы ортаны қажетті оқу-әдістемелік кешендермен үнемі толықтыру

ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасының аттестаттау комиссиясының шешімі:

ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасының қызметі, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқутудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келеді.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы:



Салихарова З.Х. **САЛИХАРОВА З. Х.**

Алматы қаласы, Наурызбай ауданына қарасты **ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы**
Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасына сәйкес бағалау парағы

р/с	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаттары бар педагогтердің үлесі	94%	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған\ растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір рет тен сиретпей) үлесі	100%	5
3	Үш жылда бір рет сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі.	100%	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы.	99%	4
5	Ерекше білім беруіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау.	94%	3
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету.	95%	4
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100%	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
9	Педагогтардың сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
Барлығы:			

Білім беру ұйымының басшысы:



САЛИХАРОВА З. Х.